



Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Құмқұдық ауылдық округі, Құмқұдық ауылы,
Байтаза Бисембаев көшесі, 1 үй. телефон: 8 (713)39- 42-229

БҰЙРЫҚ № 144 н/б

Құмқұдық селосы

29.09.2023 жыл

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау»
орталығын құру туралы

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің
2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес

Бұйырамын:

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын;
2. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сейтенова Агила Таласбаевна бекітілсін.
3. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге асырылуы педагог ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы Ж.М, Прмаганбетова, әлеуметтік педагог С.Л. Кыдырбаева, мектеп психологі Б.Айтмырзақызы, 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін.
4. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы № 1 қосымша. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынсын.
5. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылып, жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілсін.
6. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау Г.Қ.Дәрібаеваға жүктелсін.
7. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық» мектебі құрылсын.
 - 7.1. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, ағалар» және «Әжелер, аналар, жеңгелер» ақыл-кеңес, үлгісі енгізілсін.
 - 7.2. «Даналық» мектебінің жетекшілігі С.Л.Кыдырбаеваға бекітілсін.
 - 7.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сейтенова Агила Таласбаевнаға жүктелсін;

Мектеп директоры:

А.О.Биханова

Таныстым:

Сейтенова А.И.

Қарашатау ЖОББмектебі бойынша

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасының жылдық жұмыс жоспары"

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.


Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

- балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.


№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу форматы
1.	Отбасы – бақыт бесігі	Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас	Қыркүйек	Ақпараттық видео
2.	Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері	Қазан	Ата-аналар жиналысы
3.	Әрбір бала – жарық жұлдыз	Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу	Қараша	БАҚ жариялау
4.	Баланы жастан...	Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.	Желтоқсан	Ата-аналар жиналысы
5.	Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	Ақпан	Салауатты белсенділік айлығы
6.	Әкені көріп ұл өсер,	1. Балаға жақсы әдеттерді үйрету.	Наурыз	Тренинг

	шешені көріп қыз өсер	2. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.		
7.	Сенім арту - жетістік кепілі. Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	Сәуір	Ата-аналар жиналысы
8.	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр	Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	Мамыр	Дөңгелек үстел

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



А.Т.Сейтенова



Қарашатау ЖОББмектебі бойынша

10-11 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасының жылдық жұмыс жоспары"

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу форматы
1.	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...	Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау	Қыркүйек	БАҚ жариялау
2.	Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?	Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады. Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады	Қазан	Ата-ана жиналысы
3.	Көркем мінез – баға жетпес байлық	Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті	Қараша	Бейне жазба
4.	Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	Сынықтан өзгенің бәрі жүзады. Тәуелділіктің алдын алу шаралары	Желтоқсан	Ата-ана жиналысы
5.	Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының	Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау	Ақпан	Сауалнама

	қауіпсіздігі			
6.	Күйзелісті жеңуге көмектесеміз	Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері	Наурыз	Тренинг
7.	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	Сәуір	Ата-ана жиналысы
8.	Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары	Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау	Мамыр	Танымдық сабақ
	Мониторинг жүргізу	Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа мониторинг жүргізу	Маусым	Анықтама

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



А.Т.Сейтенова

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасының жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.


Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу форматы
1.	Позитивті тәрбие	Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту	Қыркүйек	Әлеуметтік желілерге жариялау
2.	Ақыл айтпа, жол көрсет «Оқырман отбасы»	Өзіңді өзін сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері	Қазан	Ата-ана оқулары Ата-ана жиналысы
3.	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер	Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер	Қараша	Дөңгелек үстел
4.	Бұлақ көрсең, көзін аш.	Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы	Желтоқсан	Ата-ана жиналысы
5.	Жасөспірімнің желідегі әрекеті	Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті	Ақпан	Ақпараттық стенді жасау

		көздерден қорғау алгоритмі		
6.	«Әр нәрсенің өлшемі бар...»	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу	Наурыз	Арнайы мамандармен кездесу
7.	Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері	Жасөспірімдер арасындағы қалыңдықтар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы	Сәуір	Ата-ана жиналысы
8.	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына	Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиеті - отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану	Мамыр	Ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шара

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:




А.Т.Сейтенова

Бекітемін.

Мектеп директоры:

А.О.Биханова



«Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

«ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» клубы

ЖОСПАРЫ

2023-2024 оқу жылы

«ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» КЛУБЫ

«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буының педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- аға буының бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буының тәжірибесін табысты пайдалану.

Клуб отырыстарының тақырыбын айқындау кезінде Қазақстанның мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту мақсатында міндетті түрде қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйену қажет. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын басқа этностардың мұрасын ескере отырып, клуб қатысушыларының кездесулерінің тақырыбы мен мазмұнын мүмкіндігінше байыту ұсынылады.

Осыған байланысты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында сөйлеген сөзінен маңызды тезисті еске алған жөн: «Саналуандықтағы бірлік – бұл ұлттық бірлікті сақтау мен нығайтудың іргелі қағидаты. Біз бұл қағиданы болашақта да ұстануымыз керек».

«Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларын ұйымдастыру арқылы қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған.

Бекітемін.


Мектеп директоры:

А.О.Биханова

Қарашатау ЖОББ мектебі бойынша «Даналық мектеб» клубының жоспары, 2023-2024 оқу жылы

№	Тақырыптар	Аталар мектебі	Өтетін уақыты	Жауаптылар
Аталар мектебі				
1	Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер	Қыркүйек		Аталар мектебі мүшелері
2	Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет	Қазан		Аталар мектебі мүшелері
Әжелер мектебі				
3	Ертегі – танымның көзі	Қараша		Әжелер мектебі мүшелері
4	Ырым-тыйым – әдептілік негізі	Желтоқсан		Әжелер мектебі мүшелері
Аға мектебі				
5	Ағасы бардың – жағасы бар	Қаңтар		Аға мектебі мүшелері
6	Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі	Ақпан		Аға мектебі мүшелері
Ана мектебі				
7	«Ана көрген тон пішер»	Наурыз		Аналар мектебі мүшелері
8	«Қызым саған айтам....»	Наурыз		Аналар мектебі мүшелері
Жеңге мектебі				
9	Қыз ғұмырдың құпиялары	Сәуір		Жеңгелер мектебі мүшелері
10	Қыздар білуге тиіс... (тұрмыстық қажеттіліктер)	Сәуір		Жеңгелер мектебі мүшелері
Әке мектебі				
11	«Рухы биік әкелер – ұлт болашағын мәпелер» танымдық сағат	Мамыр		Әкелер мектебі мүшелері
12	«Әкенің берген батасы баланыңа дарысын!» Бауыржан Момышұлының ер азаматтарға айтқан өсиеті	Мамыр		Әкелер мектебі мүшелері

Мектеп директорының ТІЖО:



А.Т.Сейтенова